


ТУУЫ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ АЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

раль Жексенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.



Ертең совет халқы, оның Қарулы Күштері Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының 35 жылдығын мерекелейді.

Жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдас-тырушысы—біздің ұлы көсеміміз және ұстазымыз, данышпан қолбасшымыз СТАЛИН жолдас жасасын!

Коммунистер мен партияда жоқтардың Сталиндік блогінің кандидаттары

Социалистік Еңбек Ері Манаш Құлышов

Солтүстік Қазақстанның ең ірі астық совхоздарының бірі — Киров атындағы совхоздың даласы Совет ауданының көп жерлерін алып жатыр. Совхоздың егіндік жерінің көлемі 12 мың гектардан артық. Бөктемнің алғашқы күнінен бастап қалындап қар жауған күздің суық күніне дейін тракторлар мен комбайндардың, автомашиналардың мотор даусы ешбір тынбайды.

Сталиндік бесжылдықтар ішінде күрделі ауылпаруашылық машиналарын меңгерген техника мамандарының бірнеше тобы тәрбиеленіп, оқып өсті. Солтүстік Қазақстанда Социалистік Еңбек Ері атағын бірінші рет алғандар осы совхоздың мамандары. 1951 жылы бүкіл облысымызға қуанышты хабар таралды. Комбайншылар Өшкен Мәдібаев, Николай Коробов, Манаш Құлышов, Роман Бакин жолдастарға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Өзінің қажырлы еңбегімен халық сеніміне бөденгендердің бірі — Социалистік Еңбек Ері Манаш Құлышов Киров атындағы совхоздың жұмысшылары өздерінің

совхозға келгеніне бірнеше күн ғана болып еді. Ол кезде де машинаны меңгеруге құмарту жастар арасында күшті болды. Манашты да тракторшы болуға жетелеген бірінші бесжылдықты төрт жылда орындау, біздің елімізде социализмнің жеңісін қамтамасыз ету ісіне үлес қосу тілегі еді.

Тракторшы болам деген Манаштың өтініші қанағаттандырылды. Бөктем жақындап келеді. Сайлардан сулар сарқырал ағып, ағыл-тегіл қар бететін уақыт жақындап қалған.

Бөктем өгісі басталар қарсаңында жұмысшылардың бір тобы тракторшылар даярлайтын курсың бітіріп шықты. Соң курсың бітіріп шыққандардың ішінде Манаш Құлышов та бар еді.

—Содан бері 20 жыл өтіпті, — деп еске түсіреді. Құлышов өзінің өмірін, — машинаны жүргізу үшін алғашқы рет роліне отырғандары қуанышымды дәл бүгінгідей еске түсіремін. Өйткені бұл маңиң қоғамдық өмірге араласқан алғашқы қадамым еді.

Манаш тракторшылар курсыңда да үлгі көрсетті. Ол оқуда болғанда қатты оқуға

рылған көрмеде Манаш еліміздің әрбір облыс, өлке және республикаларынан келген таңдаулы механизаторлармен танысты, олардың іс тәжірибелерін зерттеді.

1941 жылы неміс қарақшылары біздің Отанымызға тап берді. Сөйтіп Ұлы Отан соғысы басталды. Бүкіл совет халқы Ленин —Сталин партиясының туы астына біркөсідей топтасып, неміс фашистерін талқандау үшін күресті күшейтті. Миллион даған совет адамдарының бірі болып Құлышов жолдас өзінің «ЧТЗ» тракторымен майданға аттанды. Патриот Манаш фашистерге қарсы ұрыстарға бірнеше жыл қатынасып, тамаша ерлік істер көрсетті. Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен батырлықтың куәсі есебінде Манаштың омырауында «Жауынгерлік ерлік үшін», «Москваны қорғағаны үшін», «Кенисбергті алғаны үшін», «Жапонияны жеңгені үшін», медальдары жарқырайды.

Соғыс ұлы совет халқының тарихи жеңісімен аяқталғаннан кейін 1945 жылдың қысында Манаш Құлышов өзінің туған совхозына қайта оралып, бейбіт еңбекке

елдердің адал ниетті қарапайым адамдарының жүректен құттықтал, оны зор қуанышпен қарсы алады және өндірістік, саяси өрлеу үстінде мерекелейді.

Халқымыз үстіндегі жылы бұл даңқты мерекені партиямыздың XIX съезінің қарарларымен, ұлы көсеміміз И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық шығармасымен және көсемнің съез-ді қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзімен рухтанып, жігерленген жағдайда мерекелейді. Демек, халқымыз бұл мерекені бесінші бесжылдық жоспардың тамаша ташсырмаларын орындауда жаңа табыстарға ие болып келе жатқан, еңбек қарқынын еселеп арттырып отырған жағдайда өткізеді.

Коммунистік партияның және ұлы көсеміміз И. В. Сталин жолдастың данышпандық басшылығы, күнбе-күн қамқорлығы арқасында совет халқы ұлы Отанымыздың күш-қуатын барған сайын арттыру, халық шаруашылығын алда тұрған міндеттер дәрежесіне сай өркендете беру жолында аянбай жанқиярлықпен еңбек етуде. Бұған Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда да халық шаруашылығын өркендету жоспарының жыл сайын табысты орындалып келе жатқаны, өнеркәсібіміз бен ауыл шаруашылығының өркендеп, алға басып отырғандығы, халқымыздың әл-ауқаты мен мәдени дәрежесінің үздіксіз өсіп, жақсаруы толық дәлел болады.

Еліміздің даңқты Қарулы Күштері Совет халқының осы жеңістерін, бейбіт еңбектің табыстарын қорғау күзетінде өзін жүктелген міндеттерді аброймен орындап келеді. Ол бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің, демократияның тірегі болып отырған біздің қуатты Отанымыздың сенімін ақтауда.

Коммунистік партия, еңбекшілердің ұлы көсемдері Ленин мен Сталин топтастырып, тәрбиелеп өсірген Қарулы Күштеріміз даңқты жауынгерлік жолдардан мүдірмей етті, оның барлық тарихы— қаһармандығын, өз Отанына берілгендігін, халық үшін адалдықпен қызмет етудің тамаша үлгісі болып табылады. Сондықтан

халықтық армия. Ол — жұмысшылар мен шаруалардың тұңғыш социалистік мемлекетінің армиясы. Ол — интернационализм рухында тәрбиеленіп өскен, еліміздің барлық халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғайтын армия.

Совет Армиясы әетелдік басқыншылар мен ішкі контрреволюцияға қарсы күресте шынығып, өті, 1918 жылғы 28 январьда В. И. Ленин Жұмысшы-Шаруалар Қызыл Армиясын ұйымдастыру туралы декретке қол қойды. Осыдан кейін, екі аптадан соң Жұмысшы-Шаруа Қызыл Флоты ұйымдастырылды.

1918 жылғы 23 февральда Совет Армиясының бөлімдері Псков пен Нарва түбінде неміс басқыншыларының іріктелін алынған дивизияларына қыйрата соққы беріп, талқандап жеңді. Сөйтіп, бұл күн жаңа армияның туу күні болды. Содан бері 23 февраль күні— Совет Армиясының туған күні ретінде жылма-жыл зор құрметпен өткізілетін мерекелі күн болды.

Совет Армиясының тарихы жеңіске толы. Коммунистік партияның басшылығымен және кеменгер көсеміміз И. В. Сталин жолдастың бастауымен Совет халқы, оның Қарулы Күштері Ұлы Отан соғысын тарихи жеңіспен аяқтады. Фашистік Германия мен империалистік Жапонияны талқандады.

Совет халқының, Совет Армиясының, Соғыс- Теңіз Флотының Ұлы Отан соғысы кезіндегі тамаша табыстарын айта келіп, Сталин жолдас былай деді:

«Біздің жеңістеріміздің мәнісі, алдымен, Советтік қоғам құрылысының жеңіп шыққанында, соғыстың от жалынында советтік қоғам құрылысының барлық сындарға ойдағыдай төтеп беріп, өзінің өмірге бейімділігін толық дәлелдегенінде...

Біздің жеңісіміз, екіншіден, біздің советтік мемлекет құрылысының жеңгендігін, біздің көп ұлттық совет мемлекеті соғыстың барлық сындарына төтеп беріп, өзінің тұрмысқа бейімділігін дәлелдегенін көрсетеді...

Біздің жеңісіміз, үшіншіден, советтік Қарулы Күштері жеңгендігін, біздің Қызыл Армиямыз жеңгендігін, Қызыл Армия

соғысты жеңіспен аяқтағандығын көрсетеді».

Совет халқының, оның армиясының тарихи жеңісі нәтижесінде Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа елдерінде халықтық-демократия елдері құрылды. Бұл елдердің еңбекшілері көзін бейбіт еңбекпен өздерінің экономикасы мен мәдениетін түлдендіріп өсіру жолында қажырлықпен күрес жүргізуде. Мұның өзі бүкіл дүние жүзі империалистеріне үлкен соққы болды.

Еліміздің еңбекшілері Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда халық шаруашылығын өркендетуде жаңа зор табыстарға жетіп келеді. Коммунизмнің алып құрылыстарына бүкіл совет халқы белсене қатысуда. Ленин атындағы Волга-Дон каналы іске қосылды. Бұл совет халқының зор жеңісі. Коммунизм құрылыстарының қызу қарқынмен жүргізілуі, оған халқымыздың жаншай белсене қатысуы, Ленин—Сталин партиясына, көсеміміз И. В. Сталин жолдасқа шексіз берілгендік пен сүйіспеншілікті сыйпаттайды.

Совет халқының және халықтық демократия елдерінің бұл тамаша жеңістерін жау көре алмайды. Іріп-шіріп тозып бара жатқан американо-ағылшын реакцияшылары және басқа капиталистік елдердің билеп-төстеуші топтары бүкіл дүние жүзіне үстемдік жүргізу үшін жанталасуда. Олар Кореяда зұлымдықпен соғыс жүргізіп, корей халқын қанға бояуда.

Бірақ, бейбітшілік жеңеді! Өйткені, бейбітшілік күресіне бүкіл дүние жүзінің прогресшіл адамдары үн қосуда. Бейбітшілік туын көтеругі — ұлы Сталин.

Совет халқы соғысты тілемейді. Бірақ, ол империалистердің қоқан-лоқысынан қорықпайды. Егер, империалистер біздің елімізге шабуыл жасай қалса, онда совет халқы, оның Қарулы Күштері соғыс құмарларға күйрете соққы береді.

Қаһарман Совет халқы және оның жеңімпаз Қарулы Күштері жасасын!

Жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы Коммунистік партия жасасын!

Көсеміміз және ұстазымыз, кеменгер қолбасшымыз Сталин жолдас жасасын!

беріп жүрдік, — дейді Валентина Дмитриевна 1929—1930 жылдарды үлкен мақтанышпен еске түсіріп.

Алтыншы класта оқып жүргенімізде біз физика пәніне оша қызықпадық. Физика жалғыз маған емес, біздің кластағы оқушылардың көпшілігіне өмірі түсінуге болмастай қыйын жерінің жүрді. Жетінші класта көшкенімізде бұлай ойлайтынымыздың қате өкендігіне көз жетті. Физикадан сабақ беруге жоғары дәрежелі білімі бар Попов деген мұғалім келді. Физика біртіндеп түсінікті болып, оңайлана бастады. Оқушылардың физика пәнінен үлгеруі тез көтеріліп, физика 7 класс оқушыларының ең сүйікті, қызығын оқыйтын пәніне айналды.

Әмі есімде, оқытушымыз Павел Петрович Попов оқушылардың ең қадірлі, қымбатты ұстазына айналды. Осыдан бастап мен физика, оның ішінде, әресе, электрге көп назар аудары бастадым. Мұғаліма болғым келмесе де ұстазым электрді жақсы білетін Попов сияқты маман болғым келіп жүрді. Осы ниетпен электр техниктерін даярлайтын техникумға арыз беріп елім, тым жас болғандығымынан алынбадым, — дейді Валентина Дмитриевна, физика мен физика оқытушысы Попов жөніндегі өзінің есінде қалғанын түйіндей келіп.

Валентина Көкпетау онжылдығын өте жақсы бітіргеннен кейін Свердлов қала-

тында істеді. сібіннің Петроп ауысты. 1952 да Валентина қуаты цехының тағайында

Бұл цех зав есептелінеді, ө берілетін әлекі барлық цехтар Шелудькова жо одан кейін цех да да жұмыс кездесті. Бірақ, сияқты қый қыйыншылықты тірді.

Жас инженер мамандығын к

Мәселен, әле гар болу зор м

Малшыл

Мал қыстату — мал басын өсіріп, оның өнімін арттыру ісіндегі ең шешуші кезек. Мұны жете өскерген «Востандық» ауыл-шаруашылық артели (Приешім ауданы) аялының қатарлы колхозшылары қоғамдық малды қолда бағып күтуде табысты еңбек етіп жүр. Сөйтіп, олар қарамағындағы қоғамдық малды шығынсыз және күйлі өсіруге жетісіп келеді.

Сауыншылар М. Марталир және Қ. Оспанова жолдастар өткен жылы қарамағындағы 13 сауын сыйырдан 13 бұзау алып, түгел табынға қосты және әрбір сыйырдан сүтті мол алуға жетісті. Бірақ, бұл үлгілі сауыншылар үшін табыс шегі

болған жоқ. Ол сауын сыйырлы ұйымдастыру сүде. Аталған мезгілімен а сай азықтанды қыстату маусым

Совет ауданы шаруашылық әлері Қ. Төсіпов тар да бесінші жылында өз мал шаруашылы

Әрекеттік мүдделерінің сенімді сақшысы

★
С. БУДЕННЫЙ
т Одағының Маршалы

★

екшілердің қуатты мен ақгвардияшы-дің социалистік мем-социалистік рево-ған бостандығы мей-лды.

армиясы бұл же-тияның, оның да-нинің және Сталин-ында жетті. Сталин

ғауды ұйымдастыру ету ісінде Лениннің амат соғысы және ациясы жылдарын-стратегиялық жос-тағдырды шешетін басшысы, Совет зды жеңістерінің ті-әне ұйымдастыру-

ықтырып, құлыққа қаралық империа-еті күйреумен аяқ-Отанамызға жаңа-жасалу хауіпін

Совет мемлекетінің қорғау қуатын ру керек болды. сы мұны ешуақыт-және армиямызды жырылықпен әзір-дустриаландырудың

коллективтендірудің граммасын ойдағы-рып, партия Совет иалистік индустриа-е айналуын камта-

жылы жауға 10 рет сталиндік қатты соқ-қы беру соғыс қыймылдарының Отаны-мыздың жерінен көшірлуін қамтамасыз етіп, гитлерлік блокты толық бұзды. 1945 жылғы қорытынды жеңістеріміз, Шығыс Пруссиядағы, Висла мен Одердегі, Будапешт пен Вена түбіндегі тамаша соғыс қыймылдары, ақырында Берлинді алу Ұлы Отан соғысының тарихына тамаша беттер болып қосылды.

Европада екінші майланның ашылуын барынша ұзаққа созған және СССР-дан тыс неміс-фашистерімен есепараттық бітім жасау туралы астыртын келіссөздер жүргізген мұхит ар жағындағы және басқа қамқоршыларының гитлершілдерді қолдауы оларды маскара болып күйреуден шығара алмады.

Ұлы Отан соғысы фашистік Германия мен империалистік Жапонияны талқандап, біздің бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңіске жетуімізбен аяқталды.

Совет Армиясы мен Соғыс-Теніз Флотының соғыс қыймылдарына, өздерінің аға-сы—ұлы орыс халқы бастаған Совет Ода-ғының барлық халықтары көмектесіп отырды. Совет адамдарының тылдағы жан-қырлық еңбегін, жұмышы табының, колхозшы шаруалардың, біздің ин-теллигенцияның Ұлы Отан соғысындағы еңбегін Сталин жолдас Отанды қорғауда-ғы төндесі жоқ ерлік деп бағалады.

Гитлерлік Германия мен империалистік Жапонияны талқандап, Совет Одағы дү-ниежүзілік реакцияға қыйрата соққы берді, бүкіл дүние жүзіндегі демократия мен социализм күштерінің өсуіне көмек-тесті. Совет халқы, бізін танқты Комму-

бекшілердің әл-ауқаты мен мәдениеті оған әрі арттырды.

Сталиндік бесінші бесжылдықтың 1951 және 1952 жылдарға, яғни бесжылдық-тың алғашқы екі жылына арналған тап-сырмалары асыра орындалды. Сөйтіп, бес-жылдықты тұтасынан алғанда, мерзімнен бұрын орындауға қолайлы жағдай туғы-зылды. Бұл бесжылдықты орындау СССР-ның социализмнен коммунизмге қарай өр-кендеуі жолындағы жаңа ірі қадам болып, Отанамызды белсенділікпен қорғаудың экономикалық базасын оған сайын нығай-тады.

Коммунистік партия «Советтік Отанды оның жауларының агрессиялық әрекетте-рінен белсенді қорғау ісін мейлінше ны-ғайта беруді» өзінің аса маңызды міндетте-рінің бірі деп есептейді. Біздің партиямыз-дың бұл ардақты міндеті барлық совет адам-дарының тілектеріне сай келеді. Олар өз-дерінің социалистік Отанының қорғаныс қуатын нығайту үшін, советтік Қарулы Күштердің жауынгерлік әзірлігін күшей-ту үшін еш нәрсесін аяп қалмайды.

Ленин мен Сталиннің империалистік мемлекеттер болып отырғанда, капиталис-тік қоршау болып отырғанда, империалис-тік жыртықшытардың біздің Отанамызға қарулы шабуыл жасау хауіпін де бола бермек деген ескертуді совет адамдары әрдайым есте тұтады.

Біздің табыстарымыз неғұрлым ұлғай-ған сайын, империалистер біздің алға ба-суымызға мейлінше бөгет жасауға тыры-сып, солғұрлым жауыздықпен әрекет жа-сайтының бір минут та ұмытуға болмай-ды. Бізде әлі де сақталып келген буржуа-зиялық көзқарастар мен буржуазиялық моральді таратушылары — тірі адамдар, совет халқының астыртын жаулары импе-риалистердің қолдауымен дұшпандық әре-кет жүргізеді. Бұл сұр жыландар біздерді неғұрлым қатты шағуға тырысаы. Аме-



Қыялы астық совхозының кітапханасын-да жұмысшылар мен қызметкерлер үшін сатып алынған кітаптар көптеп саналады. Мұнда кітапханаға үнемі келіп кітап оқы-тын адамдар саны да көбейіп келеді.

СУРЕТТЕ: совхоздың стахановшы тоқарі комсомолка Лидия Пименова өзіне оқуға кітап таңдап алып тұр. Алдыңғы қатардағы кітапханашы Н. Широкова жолдас.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Нұрғамыстың болашағы зор

Ережепов Нұрғамыс Еңбек орта мекте-бінде (Ленин ауданы) 6 кластан бастап оқып келеді. Ол быйыл 10 класта оқып жүр. Нұрғамыс сабақты үздік оқумен бірге, мектептің қоғам жұмыстарына зор ын-тамен араласады. Ол сабақ материалдарын жақсы білумен бірге, өзінің саяси білім дәрежесін көтеру үшін газет, журналдарды, көркем әдебиеттерді үзбей оқып отырды. 1948 жылдан бері ол 100-ден астам көр-кем саяси әдебиеттерді оқыды. Олардың

Кореядағы соғысты дереу тоқтату керек!

БЕЙБІТШІЛІК ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ ДЕЛИДЕГІ МИТИНГІСІ

ПЕКИН, 20 февраль. (СОТА). Синьхуа агенттігі Кореядағы соғысты дереу тоқта-туға шақыратын қарар бірауыздан қабыл-данған Делидегі бейбітшілік жақтаушы-лардың митингісі 14 февральда болды деп хабарлайды. Митингіні Бүкілһиндиялық Бейбітшілік Советі ұйымдастырған.

Митингіде Мадрастың киноискусствосы-ның белгілі қайраткері Субрахманьям сөз сөйлеп, Кореядағы соғысты тоқтату тура-лы талаптарды қолдау ретінде демонстра-циялар жасап тұруға шақырған. Субрах-маньям индия халқы бейбітшілікті қалпы-на келтіру ісіне өзінің ықпалын тигізе алады деп мәлімдеген.

Парламент мүшесі, штаттың бұрынғы бас министрі Бхопал Чатурниан Мала-вияда Кореядағы соғысты дереу тоқтату туралы талапты қолдап сөз сөйлеген. Аме-рикан агрессорлары жүргізіп отырған бак-териологиялық соғысты әшкерелеп, ол азиялықтарды азиялықтарға қарсы пайда-лануға бағытталған империалистердің жо-пары сөзсіз күйрейді деп мәлімдеген.

Пенджабтың белгілі жазушысы Сардар Гурбакш Синг индия халқы Кореядағы соғысты дереу тоқтатуды талап ету үшін басқа барлық халықтармен бірлесуге мін-детті деп мәлімдеді.

Индия парламентінің мүшесі ақын Ха-риндранат Чаттопадхяй бейбітшіліктің игілігі үшін Индия Қытайды қолдауға міндетті деп мәлімдеді.

Митингіге қатысушылар халықтардың бейбітшілік қорғау Конгресі қабылдап бес ұлы мемлекетке жіберген үндеуін мақұл-дады.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНИҢ ХАБАРЫ

ген жұмысшылар мен шаруалардың армиясы, еліміздің ұлттары арасындағы туысқандықтың армиясы екенін көрсетті. Совет Армиясы интернационализм рухында, басқа елдердің халықтарын құрметтеу рухында тәрбиеленуде. Біздің армиямыздың күші мен қуаты оның осы ерекшеліктерінен туады.

Совет Армиясы шетелдік басқыншылар мен ішкі контрреволюцияға қарсы, Советтер үкіметі —шын халықтық Өкмет үшін жүргізілген қатты ұрыстардың өрті ішінде туып шынықты. 1918 жылғы 28 январьда В. И. Ленин Жұмысшы-Шаруалар Қызыл Армиясын ұйымдастыру туралы декретке қол қойды, ал, онан 2 аптадан кейін Жұмысшы- Шаруалар Қызыл Флотын ұйымдастыру туралы декрет жарияланды. 23 февральда Совет Армиясының жана бұрылған жас полктері Нарва мен Псков түбіндегі ұрыстарда герман империализмінің әскерлеріне қыйрата соққы беріп, олардың Петроградқа қарай алға басуын тоқтатты. Бұл күн Совет Армиясының туған күні, совет халқының жылма-жыл құрметтеліп өткізетін мерекесі болды.

Көп ұзамай Совет республикасы майдандардың қаулаған өртінің қоршауында қалды. АҚШ-тың, Англияның және басқа капиталистік елдердің империалистік қарақшылары соғыс жарияламастан біздің еліміздің жеріне басып кірді. Олар біздің жерімізде аттаған сайын совет жұмысшылары мен шаруаларына жантүршігерлік жауыздықтар істеді. Әресе, Американың жұртқыштары сұмдық аюандық істеді. Совет еліне қарсы интервенцияның белсенді ұйымдастырушылары мен демберушілері американы империалистері орыс халқына және еліміздің басқа халықтарына жауыз жөндет және жандарм болды.

Еңбекшілердің ұлы көсемдері Ленин мен Сталин бүкіл елімізді біртұтас соғыс лагері етіп топтастырды, Отанымыздың халықтарын отандық соғысқа аттандырды. Өзінің жоғары саяси саналылығымен күш-

рының не өмір сүруі, не құруы туралы болды.

Американ империалистері айдал салған неміс-фашист агрессорлары, біздің социалистік Отанымызды жою, совет адамдарын құлдыққа салу мақсатын көздеп, Совет Одағына опасыздықпен көнеттен тал берді. Кәтерлі қауіп төнген жағдайда еліміздің барлық халықтары Коммунистік партияның төңірегіне, ұлы көсеміміз Сталин жолдастың төңірегіне онан сайын тығыз топталды. Советтік тыл мен майдан біртұтас болып бірікті. Коммунистік партия халық пен армияның күштерін бір мақсатқа —жауды талқандау мақсатына бағыттады. Партия совет адамдарына соғыстың маңызы мен мақсаттарын түсіндірді, олардың Отанға сүйіспеншілігін күшейтіп тәрбиеледі, жауынгерлік рухын нығайтты, оларды қорықпауға және төртінші болуға үйретті.

Данышпан қолбасшы И. В. Сталин рух беріп, басшылық еткен Совет Армиясы неміс-фашист басқыншыларына қарсы асқан табандылықпен, ерлікпен және жаңқырлықпен соғысты. Жауды әлсіретіп, қансыратқаннан кейін Совет Армиясы белсенді қорғаныстан қарсы шабуылға шығып, соғыс өнерінің төдесі жоқ үлгілерін көрсетті.

Москва түбінде неміс-фашист әскерлерін талқандап, Совет Армиясы жаудың біздің астанамызды қоршап, онан кейін шабуылмен алу жоспарын күйретті, «қауырт соғыс» жоспарының күліп көкке ұшырды. Сталинградтағы ұлы шайқас жаудың 330 мың кісілік таңдаулы армиясын қоршап алып, талқандаумен және қолға түсірумен аяқталды. Бұл дүниежүзілік екінші соғыстың барысында түбірлі өзгерістің бастама-сы болды. Кавказ тауларының етегінде гитлершілерді талқандау олардың біздің мұнайлы аудандарымызға өту жоспарларын және біздің негізгі резервтерімізді оңтүстікке бұру жоспарларын күйретті. Курск түбіндегі шайқас жаудың шабуыл стратегиясын біржолата қыйратты. 1944

дем басқаша болып шықты.

Совет Одағы соғыстан бұрынғысынан күшейіп, бұрынғысынан нығайып шықты. Оның халықаралық беделі мейлінше өсті. Біздің жеңіске жетуіміздің нәтижесінде дүниежүзілік империализм онан сайын әлсіреді, ал, демократия мен социализмнің күштері ұлғайып өсе түсті. Орталық және Оңтүстік -Шығыс Еуропаның бірсыпыра елдері капитализм системасынан шығып қалды, бұл елдерде халықтық-демократиялық құрылыс орнады. Ұлы қытай халқы жеңіске жетіп, өзінің халық республикасын құрды. Еуропаның орталығында Герман Демократиялық Республикасы құрылды. Көздің өзінде адамзаттың үштен бір бөлегі империализмнің езуділігінен құтқарылды. ССРО бастаған, берік топтанған қуатты социалистік лагер өсіп, өркендеуде.

Халықаралық реакцияны бастап отырған АҚШ империалистері корей халқына қарсы жантүршігерлік, басқыншылық соғыс жүргізуде, түрлі агрессияшыл блоктар топтастыруда, батыс Германия мен Жапонияны ремилитарландыруда. АҚШ-империалистері және олардың сыбайластары Бореяда қанды соғыс жүргізуде. Өздерінің дүниежүзілік үстемдігін орнату жоспарын жасап, олар ССРО-ға және халықтық демократия елдеріне шабуыл жасауға әзірленуде. Американы империализмінің социалистік лагерь елдеріне жіберіп отыратын шпиондарының, диверсанттарының, кісі өлтірушілерінің бүлдірушілік әрекеті оның бұл жауыздық жоспарларының бір саласы болып табылады.

Совет халқы соғысқа дейінгі жылдардағыдай, кәзірде де өзінің негізгі күштерін бейбіт құрылысқа жұмсауда. Ленин—Сталин партиясы рухтандырып, басшылық етіп отырған совет халқы төртінші бесжылдық жоспарды өнеркәсіп өнімінің көлемі жағынан мерзімінен бұрын орындады. Өнеркәсіпті, транспортты, ауыл шаруашылығын онан сайын мықтап өркендетті, ең-

жолдас Коммунистік партияның XIX съезінде сөйлеген сөзінде былай деді: «Совет Армиясының жауынгерлік және оперативтік даярлығының жайы, оның мобилизациялық-жауынгерлік өзінділігінің жайы совет халқының игілікті еңбегін және Совет Одағының мемлекеттік мүдделерін қорғау жөнінде өзіне жүктелген міндеттерді Совет Армиясы аяқтаймен орындайды деп, партияны, үкіметті және Сталин жолдасты сендіруімізге бізге толық право береді».

Совет мемлекеті бейбітшілік және халықтар арасындағы іскерлік ынтымақ саясатын дәйектілікпен бұлжытпай жүргізіп келді және жүргізуде. Біздің халқымыз соғысты тілемейді. Бірақ, жаулар бізді соғысқа киліктіретін болса, олар қатты талқандалады.

Партияның XIX съезіндегі өзінің баяндамасында Г. М. Маленков жолдас былай дейді:

«Өткен уақыттың фактілерін ескермеуге болмайды. Ал, бұл фактілер дүниежүзілік бірінші соғыстың нәтижесінде Россияның капитализм системасынан шығып қалғанын, дүниежүзілік екінші соғыстың нәтижесінде енді Европа мен Азияның бірсыпыра елдері капитализм системасынан шығып қалғанын көрсетеді. Дүниежүзілік үшінші соғыс дүниежүзілік капиталистік системаның қыйрауына себеп болады деп шамалауға дәлелдің бәрі түгел».

Американы соғыс өрті тұтандырушылары бұл болашақты есте тұтуға тиіс.

* * *

Совет Армиясы өзінің өмір сүруінің өткен уақыты ішінде, біздің советтік отордымызға өздерінің шошқа тұмсығын сұғуға тырысқан талай империалистік қарақшылардың мойнын бұрап үзді. Совет Одағының барлық халықтары қолдап отырған Совет Армиясы біздің Отанымызға тал беруге батылы барған агрессорлардың қандайын болса да қыйрата тойтаруға әрдайым әзір.

сыяқты, қол жолдастар Сү костап, нақты Жыйналыс мақұлдап, же на дейін ауыл процентін төл еңбекшілеріне

САЙЛАУ

Майбалық а даны) жаны, жергілікті Со күндерінде бұ Кітапханада 9 да сайлаушы газет, журнал дайды.

Кітапхана мектептің көр отырып, сайла дениетті камт

«УДАРНИК

Бүг

«ВОЛ

Сеанстар 12

Касса саға

Түпкілік инженер, проаб КІ Адрес. 3 Нан комб

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, р партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет та